Хаттама № 1
2025 жылға арналған мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы есепті жария талқылау өткізу туралы

Қызылқоғам ауылы	**2026 жылғы 14 қаңтар**
Орны	**Мультимедия кабинеті**
Уақыты	**15.00**
Қатысқандар	**Ұстаздар, қызметкерлер, қызмет алушылар** **Қатысқандар саны: 55 адам**

КҮН ТӘРТІБІ
2025 жылға арналған мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы «С.Сатыбалдин атындағы жалпы орта білім беру» ММ есебін тыңдау

Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы есепті жария талқылау білім беру мектебінің басшысы Ж.К.Батталованың төрағалығымен өткізілді.

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы №39/НҚ бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (2025 жылғы 17 желтоқсандағы өзгерістермен) сәйкес мектебімізде 40 мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

2025 жылы С.Сатыбалдин атындағы жалпы орта білім беру мектебінің базасында барлығы 40 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде:

- «int-indigo-akkuly.e-orda.kz» Мекетепке дейінгі ұйымға қабылдау – 6 (15%)
- «Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызметі – 2 (5%)
- «eotinish.kz» сервисі арқылы – 7 (17,5%)
-«Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы – 6 (15%)
- «Электрондық еңбек биржасы» қызметі – 5 (12,5%)
- «Педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы» - 3 (7,5)
- 10 сыныпқа қабылдау бойынша өтініштер тіркеліп, қағаз жүзінде қабылданды – 2 (5%)
- «Жаппай оқыту қоры есебінен тегін тамақтанатын» оқушылардың өтініштері қағаз жүзінде қабылданып, тіркелді – 9 (22,5%)

Есепті кезеңде мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша қызмет алушылардан шағымдар түскен жоқ.

Сонымен қатар, белгіленген мерзімдерді бұза отырып көрсетілген 1 мемлекеттік қызмет тіркелді:

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметі бойынша АРМ ГУ жүйесінде мерзім бұзушылықтары «Балаларды бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызметі бойынша (Алиева Ж.С.) орын алған. Аталған мемлекеттік қызмет «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы келіп түсіп, «ARM.NOBD» ақпараттық жүйесінде өңдеуге қабылданған.

Қызмет алушылардан мемлекеттік қызметтердің сапасына қатысты шағымдар түскен жоқ.

Аталған мәселе тұрақты бақылауда. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру мақсатында:

Шешімі:

1. Халыққа мемлекеттік қызметтерді уақтылы және сапалы көрсету қамтамасыз етілсін.
2. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша қызмет алушылармен тұрақты түрде түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
3. Жария талқылау қорытындылары білім беру ұйымының ресми интернет-ресурсында жариялансын.

Мектеп басшысы: **Ж.К.Батталова**
Хатшы **Ж.Тоғтасын**